

## Жамбыл облысы Талас ауданының Көктал ауылдық округінің шекарасын (шегі) өзгерту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 284 қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 41-11 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 желтоқсанда № 4455 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы нормативтік құқықтық актінің қосымшасына сәйкес экспликация бойынша мемлекеттік босалқы жердің есебінен 3311,4741 гектар қосылуымен Жамбыл облысы Талас ауданының Көктал ауылдық округінің шекарасы (шегі) өзгертілсін.

2. Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың агроөнеркәсіпті дамыту, экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және облыс әкімінің орынбасары М.Шүкеевке жүктелсін.

3. Осы нормативтік құқықтық акт әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл облысының әкімі*

*А. Мырзахметов*

*Жамбыл облыстық*

*мәслихатының сессия төрағасы*

*Ж. Айтишев*

*Жамбыл облыстық*

*мәслихатының хатшысы*

*Б. Карашолаков*

## Жамбыл облысы Талас ауданы Көктал ауылдық округінің ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

Ж е р пайдаланушылардың атаулары	Жалпы ауданы, гектар	оның ішінде							
		Барлығы ауыл шаруашылығы алқаптары, гектар	оның ішінде			жолдар және көшелер астындағы жерлер, гектар	су асты жерлері, гектар	құрылыс астындағы жерлер, гектар	басқа жерлер, гектар
2	3	4	егістік, гектар	к ө п жылдық екпелер, гектар	Жалпы жайылым, гектар	8	9	10	11
Көктал ауылдық округінің аумағы	88,0	20,0	8,0	12,0		6,0	16,0	32,0	14,0

оның ішінде: Көктал ауылы	88,0	20,0	8,0	12,0		6,0	16,0	32,0	14,0
Көктал елді мекеніне мемлекеттік босалқы жердің есебінен қосылған жер көлемі	11,1180				11,1180				
Көктал ауылдық округіне мемлекеттік босалқы жердің есебінен қосылған жер көлемі	3311,4741				3311,4741				
Көктал ауылдық округінің шекарасы ( ш е г і ) өзгертілгеннен кейінгі жер көлемі	3399,4741	20,0	8,0	12,0	3311,4741	6,0	16,0	32,0	14,0
оның ішінде: Көктал ауылы	99,118	20,0	8,0	12,0	11,1180	6,0	16,0	32,0	14,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК